

ЗАҢ ҚҰЖАТТАРЫНДА ТАЛАС ТУДЫРАТЫН МӘТІНДЕР

*Жанжигитов С.Ж.¹, Әбдуәлиұлы Б.²

*¹PHD докторант, Г.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті,
Астана, Қазақстан,
e-mail: syrym.g_96@mail.ru,

²филология ғылымдарының докторы, профессор, Л.Н. Гумилев
атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан,
e-mail: bekzhan_a7@mail.ru

Аңдатпа. Заң техникасының маңызды мәселелерінің бірі - заңнама тілі, қазіргі кезде маңызды орынға ие болып отырған заң терминологиясы. Ұлттық заңнамада заң терминологиясын қолдану және жетілдіру проблемасы бүгінгі күні әлемдік қауымдастыққа жеделдетіп қосылудың жаңа бағыты - латын тілі жазуына ауысу қажеттігіне байланысты өзекті бола түсуде.

Мақаланың жазылу мақсаты – заң мәтіндерінің орыс тілінен қазақ тіліне аудару ерекшеліктерін зерттеу, аударманың теориялық мәселелерімен қатар құқықтық актілерді мемлекеттік тілге аударуда жол берілген кемшіліктерді айқындау болып табылады. Зерттеу жұмысын жазу барысында «конфликтогенді мәтін» ұғымының танымдық жүйесі қарастырылып, «юрислингвистикалық» бірліктердің мазмұндық мәнін ашу арқылы заң саласындағы орны көрсетілді.

Осы мақаланың нысаны - заңнамалық актілерде пайдаланылатын заң терминологиясы проблемасын, сондай-ақ заң терминологиясына қойылатын талаптарды. Мақалада нормативтік құқықтық актілерде терминдердің дұрыс пайдаланылмауы олардың мәтіндерінің дәл болмауына және айқын болмауына және нормаларды әртүрлі талқылауға әкелетін себептердің бірі болып табылатындығы атап өтіледі. Бұл мақаланың практикалық маңыздылығын көрсетеді.

Мақалада бақылау әдісі, сипаттау әдісі, жүйелеу әдісі, лингвостатистикалық және құрылымдық талдау әдістері қолданылды

Авторлар заң ұғымдарының мазмұны мен нысанына сәйкес емес заң терминдерін мысалға келтіре отырып, оларды жоюдың тәсілі - терминология талаптары мен тілдік норманы сақтау деп көрсетеді. Қолданыстағы нормативтік құқықтық актілерден оларды жоюдың нәтижелі тәсілдері ретінде терминологиялық кемшіліктерді жою нысанда мониторинг жүргізу және нормативтік құқықтық актілер жобаларының теңтүпнұсқалығына лингвистикалық сараптама жүргізу кезінде жою деп атап өтеді. Авторлар терминдерді талдау кезінде қойылатын талаптардың тізбесін көрсете отырып, мазмұнды дәл және дұрыс беруді қамтамасыз ету үшін оларды нормативтік құқықтық актілермен жұмыс істеуде сақтаудың маңыздылығын атап өтеді. Бұл мақаланың ғылыми жаңалығы.

Құқықтық терминологияның негізгі сипаттамалары сарапталып, жүйелік құрылымы зерттеліп, дәлелденді. Салалық терминологияны зерттеудің жүйелі тәсілі оқыту процесін оңтайландыруға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Тірек сөздер: заң шығару техникасы, нормативтік-құқықтық акті, заң шығармашылығы, заң шығарушы, заң актісінің тілі, заңның стилі, заңи терминология, ғылыми концепция.

Негізгі ережелер

Өз тәуелсіздігін алып, дербес мемлекет ретінде өркениетке қадам басқан Қазақстан Республикасы бұл күндері ана тілімізге, оның тағдырына ерекше көңіл бөлуде. Әсіресе, мемлекеттік мәртебеге ие болып отырған қазақ тілінің қоғамдық қызметін жандандыру, қалыптастыру басты мәселеге айналды.

Осы орайда оның негізі туралы академик Әбдуәли Қайдаровтың "Ең алдымен оның тірек болар үш тағаны – жазу-сызуы (ұрпақ арасын жалғастырыр алтын көпірі), ономастика (жер бетіндегі ескерткіші), терминологиясы (оның баю, жаңару көзі) берік емес екендігін мойындау қажет» деген болатын[1, 17 б.].

Еліміздегі қарқынды қоғамдық әлеуметтік өмір туғызып отырған күнделікті қызметтегі қолданыстың қажеттілігін мынадан көруге болады: бұрын термин жасау жұмысымен тек лексикографтар мен лексикологтар, шет ел тілдерінің мамандары, аудармашылар айналысса, қазіргі ғылым мен техника заманында логиктар мен математиктер, физиктер, медицина қызметкерлері, ауыл шаруашылығы ғылымының өкілдері және басқа сала ғылымдары да жүйелі түрде шұғылдана бастады.

Кіріспе

Тіл мен қоғам қатар жүретін процесс. Себебі қоғам дамып, жаңғырған сайын әлеуметтік қажеттіліктерге байланысты жаңа инновациялық теориялар мен концепциялардың ғылыми ағымын қажет етіп отыратындығы белгілі. Осы тұрғыдан алғанда, заң қызметкерлері мен құқықтық қоғам құрудағы жалпы мемлекет арасындағы байланысты қалыптастыруда заңнамалық лингвистиканың алар орны ерекше. Демократиялық құқықтық мемлекет құруға талпынған әрбір мемлекеттің басты мақсаты да, заңнамалық құрылымдарды жетілдіруде жатыр. Ал ол жетілдірулерді жүзеге асыруда сол мемлекеттің заңдарын ұлттық әдеби тіл арқылы жетілдіріп, сол қоғамға сіңіру болып табылады. Мұндай қажеттіліктерді ХХ ғасырдың соңғы он жылдығында пайда болған тіл білімінің жаңа саласы –юрислингвистика ғылымы өз зерттеу нысанына айналдырып келеді [2, 43 б.].

Қазіргі кезде заң саласындағы құжаттарда конфликт туғызып, шешімін таппай, назардан тыс қалып келе жатқан мәселелер өте көп. Себебі, заң саласындағы заңдардың, нормативтік құқықтық актілер мен тағы да басқа мемлекеттік құжаттардың едәуір бөлігін “терминдер” құрайды. Осы терминдердің негізгі мақсаты – түсінікті жеткізіліп, бір ұғымды білдіру болып табылады.

Заңдарды, нормативтік құқықтық актілерді және тағы да басқа құжаттарды дайындайтын қызметкерлер мен аударма жасаушылар жаңа терминдерді және бұрыннан қолданылып келе жатқан немесе түрлі өзгерістерге ұшыраған терминдерді күнделікті жұмыстарында орынды қолдана білуі керек. Ұлттық заң терминологиясында шешімін таба алмай отырған өзекті мәселелерді бірі – заңдағы, нормативтік құқық актілердегі және тағы да басқа ресми құжаттарда кездесетін терминдердің бірізділікке келмеуі және дұрыс аударма жасалмауы болып отыр. «Тіл туралы» Заңның 4-бабында «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында, қоғамдық қатынастардың

барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін және іс қағаздарын жүргізу тілі», – деп айтылған. Бірақ осы тұжырымды жоғарғы дәрежеде жүзеге асыруда мемлекет тарапынан нақты әрекеттер жеткіліксіз болуда.

Материалдар мен әдістер

Қазіргі уақытта ресми құжаттардың жобалары көбісі дерлік алдымен қазақ тілінде жазылмайды. Керісінше, алдымен орыс тілінде дайындалып, содан соң ғана өз тілімізге аударылатыны баршаға аян. Ол қуанатын жағдай емес. Орыс тіліндегі мәтіндер жасалу барысында бірнеше мәрте талқыланып, пысықталады. Ал осы аталған мәтіндердегі қазақ тіліндегі терминдер бірізділігінің сақталмау себебі мынада: орыс тілінде дайындалған ресми құжаттарды өз ана тілімізге тәржімәландыру жұмысын бір ғана аудармашының мойына арта салу болып отыр. Ерекше басым назар аударатын жұмысты оңай жолмен шешіп тастағымыз келеді. Аталған сала мамандары оқып-тексермеген терминдерді аудармашының ғана өрісіне байлап, кейбір орны толмас қателер кетіп жататыны да осыдан екені анық. Сонымен қоса, аудармашылардан берілген құжатты тез әрі жедел дайындалуын өтінеміз. Яғни уақыт тапшылығы. Нәтижесінде берілген мәтіннен мүлде бөлек мағына аламыз да, арнайы заң білімдері жоқ азаматтар ақпаратты қате қабылдайды. Қазіргі таңда аудармада кездесетін қателіктер күннен күнге көбейіп, даулы мәселелер шешімі сейілмеуде. Мұндай келеңсіздіктер оқыған, еліне жаны ашитын мамандарды бей-жай қалдырмау керек деп ойлаймыз.

Қазақ тілі өзіндік әдеби, ғылыми және саяси жазу нормалары қалыптасқан бай тіл болып саналады. Қазақ тілінің тарихы қазіргі кезге дейін әртүрлі тарихи кезеңдерді бастан кешкен қазақ халқының тарихымен тығыз байланысты. Біздің мемлекетіміз тәуелсіздік алғалы бері, мемлекеттің бастапқы қалыптасу кезеңінде мемлекеттік тілді дамытудың келешегін анықтайтын нақты стратегиясы қабылданған болатын. 1997 жылдың 11 шілдесінде № 151 «Қазақстан Республикасындағы тіл туралы» Заңның қабылдануы қазақстандықтар үшін маңызды тарихи оқиға болды. Заңның қабылдануы Қазақстан Республикасы Конституциясының 7-бабында бекітілген: «Қазақстан Республикасындағы мемлекеттік тіл – қазақ тілі» нормасын нақтылап, мемлекеттік егемендіктің аса маңызды атрибуттарының бірі ретінде таныды.

Қазақ тілі мәселесі мемлекеттік деңгейде көтерілген кейінгі жылдары бұқара жұртшылық та ана тілі үшін белсенділік танытуда. Бірақ, соған қарамастан, әлі де болса шешілмей жатқан түйінді мәселелер баршылық. Атап айтқанда, елімізде қабылданған нормативтік құқықтық актілердің ана тілі нұсқасындағы мәтінінде қолданылған сөз тіркестері мен сөйлемдерді құрастыруда жіберілген кемшіліктер заңдағы нормалардың мәнісін түсініксіз етеді. Оның себептері келесідей:

Бірінші, нормативтік құқықтық актілердің түпнұсқалары орыс тілінде қабылданады, кейін ана тіліне аударылады. Қазақ тіліне аударумен заңгерлер

емес, тіл білімінің мамандары айналысады. Сол себепті заң терминдері тікелей мағынада аударылып, мәнісін жоғалтады.

Екінші, ана тілімізде жазылған арнайы заң әдебиеттерінің, оқулықтардың мардымсыздығы салдарынан, болашақ заңгерлерге мемлекеттік тілде дәріс, тәжірибе сабақтарын беру барысында оқытушы көптеген қиындықтарға ұшырасады. Соңғы жылдары оқулық тапшылығы мәселесі аударма басылымдардың арқасында біртіндеп шешімін тапқанымен, олардың басым көпшілігінің сапасы ешқандай сын көтермейді. Сондықтан, мемлекеттік тілде оқыту сапасын жақсарту үшін әрбір білім алушыны қазақ тілінде жарияланған оқу құралдарымен және инновациялық оқу-әдістемелік құралдармен жеткілікті қамтамасыз ету және оларды әзірлеу мен сапасын жоғарылату үшін авторларды материалдық ынталандыру қажет деп санаймыз.

Үшінші, ғаламтор жүйесінде мемлекеттік тілде ақпараттарды жариялау көлемі аз. Сондай-ақ мемлекеттік органдар мен мекемелердің ресми сайттарында қазақша ақпараттардың көлемі аз және тұрақты жаңартылып отырмайды.

Төртінші, соңғы жылдары заң ғылымы саласында мемлекеттік тілде қорғалған докторлық диссертациялардың жалпы санының ұлғаюы байқалады. Алайда, заң ғылымының жекелеген салалары бойынша зерттелмеген өзекті мәселелер баршылық екені аян. Сол себепті, отандық ғылымды, соның ішінде, заң ғылымы саласында зерттеулерді дамыту үшін мемлекеттік қолдау көрсету керек.

Бесінші, қолданыстағы нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тілдегі мәтіндері сын көтере бермейді. Себебі, қазақ тіліндегі заң терминдерінің бірыңғай үлгісі жоқ болғандықтан, нормативтік құқықтық актілердің мәтіндері әртүрлі терминдерді қолдана отырып аударылады, бұл заңды қате түсінуге әкеледі. Заң актілерінің де алдымен орыс тілінде жазылып, қазақшаға соңынан аударылуы бұл саладағы жағдайдың түбегейлі оңалуына септігін тигізбейді.

Жоғарыда аталған мәселелер нормативтік құқықтық терминологияны жетілдірудің үлкен теориялық және практикалық маңыздылығын анықтайды, сәйкесінше мақала тақырыбын таңдауға негіз болған осы мәселе зерттеудің өзектілігін көрсетеді.

Заң терминдерін ғылыми жағынан зерттеудің маңызы зор. Әсіресе, жоғары оқу орындарындағы заң факультеттері студенттері, заң, сот мекемелерінде қызмет істейтін мамандардың күнделікті жұмыстарында пайдалануға аса қажет. Демек, қазіргі қазақ тіліндегі заң терминдері мәселесі арнайы зерттеуді қажет етеді деген тұжырымға келеміз.

Нәтижелер

Қазіргі кезде тіліміздегі сөздердің күнделікті мағынасымен қатар терминдік мәні, мазмұны әртүрлі. Қазақ тілінің байлығы, мағыналық көпнұсқалығы, синонимдік мағыналарының кеңдігі көркем әдебиетте мол мүмкіндіктер ашқанымен, өзіндік ерекше талаптарға сай ресми нысанда әзірленетін заң актілерінде белгілі бір қиындықтар туындатады.

Заңдық техника тұрғысынан келгенде әр сөз бір ғана мағынаны беруі қажет. Осыған сәйкес, ұлттық заңнама жүйесінде терминдердің бір мағынада түсіндіріліп, бірізділікпен қолданылуына қол жеткізу бүгінгі күннің өзекті мәселесіне айналып отыр. Заң тілінің нақты, тиянақты, бір мағыналы болуы, оның қоғамдық қатынастарды нәтижелі реттелуінің, толыққанды жүзеге асырылуының маңызды кепілдіктерінің бірі болып табылады. Басқа нормативтік құқықтық актілермен салыстырғанда, негізгі заңның – Конституцияның өзінде заңдық техниканың тілге қатысты талаптары сақтала бермейді. Мысалы, Конституцияда бір сөздің бірнеше синоним сөздерімен жазылуы («құқы», «құқығы», «құқысы», «хақы», «хақылы», «хақысы»), бір терминнің орнына әртүрлі сөздердің қолданылуы («еркіндігі», «бостандығы»).

Қолданыстағы заңдардың қазақша нұсқасын зер сала оқысақ, оған негізінен мағыналық аударма емес, сөзбе-сөз аударма, ресми тіл емес, көркем әдебиет тілі тән екеніне көзіміз жетеді. Соның салдарынан заң тілі әркелкі, терминдерді қолдануда бірізділік жоқ. Шынын айтқанда, қазіргі кезде заңдардың орысша нұсқасынсыз оның қазақша нұсқасын толық мәнінде дұрыс түсініп, дұрыс қолдану мүмкін емес. Кейбір сөздердің баламасының дұрыстығы күмән туғызса, кейбір сөздердің аудармасы, тіпті орынсыз. Кейбір латын тілінен енген заң терминдерін қазақ тіліне аударудың қажеті қанша? Неге сол терминді қалдырмасқа? Әйтпесе нормативтік құқықтық актілерде заң терминдерінің бір емес бірнеше аудармасын кездестіруге болады. Мәселен, Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің қазақ тіліндегі нұсқасын оқысақ, ол жерде сөздердің қазіргі жазылу емлесін ескермеу, құқықтық мағынасынан гөрі көркем әдебиеттік сипаты басым сөздерді қолдану, стильдік үйлесімділіктің болмауы орын алған. ҚР Азаматтық кодексінің ерекше бөлімінде «интеллектуальная собственность» термині үш түрлі аударылған: «интеллектуалдық меншік», «санаткерлік меншік», «зияткерлік меншік» - бұл орысша мәтіндегі бір сөздің екі, үш сөзбен аударылуы [3, 7 б.].

ҚР Азаматтық кодексіндегі (Ерекше бөлім) 406-баптың 2, 3-тармақтарына сәйкес, орысша мәтіндегі «законодательные акты» деген сөздер түрліше аударылған, бір жерде «заң актілері», ал екінші бір жерде «заңнамалық актілер» деп берілген. Осы сөздердің мағынасы бірдей болғанымен, бірізділікті сақтау мақсатында Кодекстің толық мәтіні бойынша «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 1-бабы 2-тармақшасына сәйкес «заңнамалық акт» деп қолданылған орынды болар еді деп санайды мамандар. Сондай-ақ, «положения» және «правила» деген сөздер қазақ тіліндегі редакциясында «ережелер» деп бір сөзбен берілген. Алайда, «Нормативтік құқықтық актілер туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес «положение» – «ереже», ал «правила» – «қағида» деп аударылады.

Жоғарыда аталған мысалдарды талдай отырып, заңдардың қазақша мәтіні орыс тілінен тікелей мағынада аударылған өнім ретінде қолданысқа ие болып жатқаны келеңсіз жағдайларды қалыптастырып отыр. Конституция мәтінінде қолданылған терминдер заңдар мен заңға бағынышты актілерде бастапқы мағынасынан айрылып, орайы келген ыңғаймен қолданылып жүр.

Жалпы, Конституция негізгі заң ғана емес, оның мәтініндегі заң терминдері Конституцияға бағынышты нормативтік құқықтық актілер үшін үлгі ретінде қолданылуы тиіс.

Бүгінгі күнге дейін бір мағынада түсініліп, бірізді қолданылатын қазақ тіліндегі заң терминдерінің қалыптаспауы ана тілінде дәріс алатын болашақ заңгерлер үшін мамандығын сәтті меңгеруіне кедергі келтіреді. Осы орайда болашақ заңгерлерге мемлекеттік тілде білім беру сапасын арттыру жолындағы бастапқы қадамды ресми құжаттардың, атап айтқанда, заң актілерінің тілінен бастаған жөн деп санаймыз. Сондықтан да заң терминдерінің бірыңғай үлгілерін қабылдап, онда латын тілінен енген терминдерді аудармай, сол қалпында қалдыру ұсынылады. Мемлекеттік тілдегі заң актілерінің сапасын көтеру үшін заңгерлер мен тіл мамандарының бірнеше мағынаға ие терминдерді біріздендіру мақсатында бірігіп жұмыла жұмыс істеуі керек.

Мәтінді лингвистикалық сараптау прагматика саласындағы дәстүрлі түрде тек тіл білімінің бір саласы ретінде ғана түсіндірілмейді. Оның зерттеу нысаны коммуникациялық тетіктер болып табылады, сонымен қатар байланыс құбылыстар аясында тілді зерттеуге бағытталған. Мәтіннің тек үстірт деңгейі: сөздің мағынасына талдау жасалады, сөздіктерден лексикографиялық белгілер келтіріледі, талас тудыратын мәтін авторының мақсаттарынан, ниеттерінен, мәтіндегі қол жетімді әр түрлі коннотативті мағыналардан әдейі алшақтау байқалады, көбінесе мәтін сөздерінің тікелей мағынасынан гөрі мағынаны құру үшін маңызды. Екінші стратегия мәтіннің терең мазмұнын, оны жасаушының ниетін, жеке мәтінді емес, бүкіл мәтіннің мағынасын талдауға үндейді [4, 11 б.].

Конфликт тудыратын мәтінді талдаудың барлық тәсілдері екі стратегия шеңберінде жүзеге асады. Ғалым Н.Д.Голев олардың біріншісі - «формальды-семантикалық» стратегия деп атауды ұсынса, екіншісін «прагматикалық» деп белгілеуді ұсынды [5, 24-б.]. Бірінші шеңберде мәтіннің тек үстірт деңгейі ескеріледі. Яғни сөздің мағынасы талданады, сөздіктерден лексикографиялық белгілер беріледі, қақтығыс тудыратын мәтін авторының мақсаттарын, ниетін, мәтіндегі қол жетімді әртүрлі коннотациялық мағыналарын және көбінесе мағынаны құруға қатысты маңызды сөздерді тікелей мағынасына талдау жасайды.

Екінші стратегия мәтіннің терең мазмұнына, оны жасаушының ниетіне, жасырын мазмұнды түсіндіруді қамтитын жеке мәлімдемелерге емес, бүкіл мәтіннің мағынасына талдау жасауға үндейді. Яғни жекелеп алмайды. Адресаттың ниетін көрсететін мәтіннің прагматикасын заңдастыру лингвистикалық сараптамада аз дамыған және өте сирек кездеседі. Ал, адвокаттар лингвистикалық сараптамадан бұл мәселенің білікті шешімін күтеді. Мәтіннің қасақана құрамдас бөлігі мақсатты, оның авторының ниетін қамтиды. Аталған жайттармен қоса, ғалымдар арасында кездесетін тағы бір көзқарас бар. Бірақ оны жақтаушылар лингвистикалық зерттеулер аясында талас тудыратын мәтін авторының ниетін анықтау дұрыс емес деп санайды. Мысалға алатын болсақ, психология, элеуметтану саласындағы, не болмаса

филолог мамандығының арнайы білімін алмаған адам, даулы мәтіннің сұрақтарына кәсіби түрде жауап бере алмайды. Алайда, тілдік құқық бұзушылықтың құрамы тек мәтінде болғандықтан, біздің ойымызша, лингвист өз құзыреті шегінде конфликтогендік мәтіннің интенциялық аспектісі туралы сұрақтарға жауап бере алады, сонымен қатар, тәжірибе көрсетіп отырғандай, заңгерлер даулы мәтін авторларының лингвистерден интенциясы туралы сұрақ алуға тырысады. Сондай-ақ, лингвистер үшін сараптауды тағайындау туралы сот ұйғарымдарында жиі кездесетін конфликтогендік мәтіннің мағыналық бағыттылығы туралы тұжырымдалған мәселе заңгерлердің дәл осы лингвистерден адресаттың интенциясына қатысты білікті қорытынды алуға деген ұмтылысын айғақтайды. Заманауи лингвистиканың антропоцентризмі оған бұрын қол жетімсіз деп есептелген нәрсені, оның ішінде ниетті зерттеуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасы тәуелсіздік алғаннан бері қарай Парламент Мәжілісі 2 заңды мемлекеттік тілде қабылдаған: 1997 жылы «Халықтың көші-қоны туралы» заң мен 2002 жылы «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» заңы.

«Тіл туралы» заңның 4-бабында: «Мемлекеттік тіл – мемлекеттің бүкіл аумағында қоғамдық қатынастардың барлық саласында қолданылатын мемлекеттік басқару, заң шығару, сот ісін жүргізу және іс қағаздарын жүргізу тілі» деп көрсетілген. Бірақ қаншалықты осы заңдарды алдымен өз тілімізде жазып жүрміз?!

Мысал №1: 2017 жылғы 10 наурызға дейін қолданған 53-баптың 3-тармақшасындағы «Если Парламент большинством в две трети голосов от общего числа депутатов каждой из палат подтвердит ранее принятое решение, Президент в течение семи дней подписывает закон» деген сөйлем қазақ тіліне: «Егер Парламент әр Палата депутаттарының жалпы санының үштен екісінің көпшілік даусымен бұрын қабылданған шешімді растайтын болса, Президент жеті күн ішінде заңға қол қояды» деп аударылған екен.

Бұндағы қателік: Осы аударманы оқыған адамда депутаттардың жалпы санының немесе барлық депутаттардың үштен екісі ғана дауыс беретін болса, қалған бір бөлігі дауыс беруге қатыспайтын болған ғой деген түсінік қалыптасуы мүмкін.

Бұл мәтіндегі «үштен екісінің» деген тіркесті «үштен екі» етіп алмастырса жетіп жатыр. Сонда өз дауыстарын беруге депутаттардың барлығы да қатысатын болып шығады. Ал енді осындай аса маңызды норма Конституция мәтінінде алты жерде кездеседі, соның барлығы осылай аударылып отырған.

Мысал №2: Үкіметке сенім туралы мәселе қозғалған 61-баптың 7-тармағында: «Голосование по этому вопросу проводится не ранее чем через сорок восемь часов с момента постановки вопроса о доверии» – деп келетін сөйлем өз ана тілімізге былай аударылыпты: «Бұл мәселе бойынша дауыс беру сенім білдіру туралы мәселе қойылған сәттен бастап қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей жүргізіледі».

Бұндағы қателік: Біріншісі – бұл жерде сенім білдіру туралы мәселе емес, сенім туралы мәселе айтылып отыр. Өйткені Парламент дауысқа сенім білдіру туралы мәселені қойғалы отырған жоқ, жалпы сенім білдіреміз бе, жоқ па деген мәселені көтеріп отыр. Екіншісі – «қырық сегіз сағаттан кешіктірілмей» деген тіркес сол қырық сегіз сағаттың ішіндегі +кез келген уақытта деген ұғымды білдіріп тұр. Ал шын мәнінде конституциялық талапқа сәйкес дауыс беру «қырық сегіз сағаттан ерте өткізілмеу керек».

Шындағына келгенде заң ресми орыс тілінде жазылып болғаннан кейін мемлекеттік тілге аударылады. Қазіргі таңда осы салаға арнайы мамандандырылған кәсіби аудармашылар өте аз. Заңды аударуда, әдетте, 100-150 мың теңге жұмыс істейтін арзанқол аудармашылардың көмегіне сүйеніп жатады. Ал аталған аудармашылар, Білім және ғылым министрлігі құзіретіне қарайтын институттар жасап шығарған sozdik.kz не болмаса көп қолданылатын translate.google.com сияқты аударма құралдарын қолданатыны жасырын емес. Сайып келгенде, аударма сапасы төмендеп, мүлде басқа түсінікті жеткізеді.

Заң ғылымдарының кандидаты, Жоғарғы Сот төрағасы Бағлан Мақұлбеков: «Заң – халықтың өмір сүру ережесі. Әр азаматтың тағдырына қатысты өте қуатты қару. Сол үшін әр сөз нақты, дәл болуы керек. Алайда еліміздегі заңдар ресми тілде талқыланады. Оның себебі – мемлекеттік тілдегі заң терминдері жүйеленбеген, екіұшты мағына беретін немесе баламасы дау тудыратын терминдер өте көп» деген пікірде.

Келесі мысалдарға назар аударалық:

Мысал №3: қылмыстық кодекстің 190-бап, 3-бөлім, 2-тармағында мынандай аударма кездеседі:

«Мынандай мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адам не оған теңестірілген адам не лауазымды адам не жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын адам жасаған алаяқтық, егер ол өзінің қызмет бабын пайдалануымен ұштасса жасалған алаяқтық». Бұл мәтінді кәсіби, оқыған аудармашы аудармағаны айдан анық. Сөйлем ешқандай мағына бермейді.

Мысал №4: бұрынғы қылмыстық заңда бас бостандығынан айыру жазасы өтелетін жерлер – жалпы, қатаң, ерекше режимдегі колониялар және түрме деп аталды. Сонымен қоса бұл атаулар қазірге дейін ешқандай сұрақ не болмаса мәселе туғызған жоқ.

2018 жылы бұл атаулар өзгертіліп, бас бостандығынан айыру жазасы өтелетін мекемелер болып көрсетілді:

- 1) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша төмен мекемелері;
- 2) қылмыстық-атқару жүйесінің орташа қауіпсіз мекемелері;
- 3) қылмыстық-атқару жүйесінің қауіпсіздігі барынша жоғары мекемелері;
- 4) қылмыстық-атқару жүйесінің төтенше қауіпсіз мекемелері болып аталатын болды.

Әділ Құрықбаев бұл атаулардағы қауіпсіздігі барынша төмен, орташа қауіпсіз, барынша жоғары қауіпсіз және төтенше қауіпсіз деген сөздер түсінуге қиындық тудыратынын алға тартады.

Аудармада кездесетін осы сынды қателіктердің себептері арнайы бекітілген заң терминдерінде бірізділіктің болмауы салдарынан болып отыр. Аударма жасаушылар кәсіби заңгер болмаған соң заңның кейбір тұстарын түсіне бермейді.

Сөзбе-сөз аударғандықтан өз ана тілімізді өзіміз түсінбейміз. Ана тіліміздің табиғатына жат не болмаса мағынасы келмейтін балама сөздерді жиі қолданады. Сол себепті қазіргі таңда сапалы лингвистикалық сараптама жүргізетін мамандар қажет. Әсіресе ақпарат пен масс-медиа, әлеуметтік желі дамыған дәуірде заң мен құқықтық тұрғыда тілдік сараптама жасай алатын мамандар қажет.

Лингвистикалық сараптама дегеніміз – заң және құқық саласында қолданылатын, қылмысты, құқықбұзушылықты тілдік жағынан болған не болмағанын растайтын, сотта үкім шығаруға пайдаланылатын құзіретті дәйектеме. Лингвистикалық сараптаманың нәтижесі – тергеу кезінде алынған қорытынды, ол фактімен тең тұрады, сот үкіміне әсер етеді.

Сараптама – ҚР заңнамасы талаптарына сай рәсімделген, сот-сараптамалық зерттеуінің барысы мен нәтижесі бар жазбаша құжат. Зерттеу нәтижесі бойынша сот сарапшысы өз атынан қорытынды жазады, оны өз қолы мен жеке мөрі арқылы куәландырады.

Талқылау

Заңнама саласындағы лингвистикалық сараптама – заңның процессуалдық-құқықтық тетіктермен реттелетін сараптама түрі. Сараптама – дәлел, нақты ақпарат алудың тәсілі, құралы.

Лингвистикалық сараптаманы кейде лингвокриминологиялық сараптама, соттық лингвистикалық сараптама, заңдық лингвистикалық сараптама, криминалингвистикалық сараптама, филологиялық сараптама, лингвистикалық экспертиология деп те атайды. Бірақ барлығының маңызы бірдей. Тек заңдық лингвистикалық сараптама құқықтық-қылмыстық істерде емес, заң саласында шығарылған нормативтік құжаттардың тілдік сипатын зерттеуге қолданылады.

Сонымен, лингвистикалық сараптаманың қарастыратын мәселесі – қорлау, қоқан-лоқы көрсету, дөрекілік таныту, жазғыру, жала жабу, іскерлік бедел мен абыройға кір келтіру фактілерін анықтау; экстремисттік, ұлтараздық ниеттегі мәтіндерді табу; мемлекеттік мекемелер мен билік тұлғаларына тіл тигізу фактілерін дәлелдеу. Бір сөзбен айтқанда, тілдік сараптама сөйлеу мен сөз, жазылым кезінде орын алған заңға қайшы, қылмысқа итермелейтін, құқықбұзушылық деректер мен мәліметтерді анықтайды.

Сөзге қатысты қылмыстық істер келесідей:

- жала жабу;
- сотқа, сот шешіміне, прокурор мен тергеушіге, куәгерге тіл тигізу;
- үкіметке тіл тигізу, сотқа құрметсіздікпен қарау;
- экстремисттік іс-әрекет жасауға шақыру;
- адамның ар-абыройын түсіру;
- қоғамда діни, ұлтаралық араздық туғызу және т.б.

Құқықбұзушылық істер:

- адамның ар-абыройына, кәсіби беделіне кір келтіру;
- жәбірлеу.

Бұлардың бәрі ҚР Қылмыстық кодексінің 105, 130-131, 174, 314, 372-376, 410, 440, 490-баптарында тұр.

Сөз инвектив лексика, бейинвектив лексика, пікір айту, іскерлік бедел, ақпарат, кекесін, реніш, жала жабу, қоғамдық пікір, тұспалдау, долбар, болжам, цитата мен эвфемизм түріне айтылуы мүмкін. Ал лингвистикалық сараптама жасаушы маманның мақсаты – сөздің қай тілдік бағалауға жататынын табу әрі дәлелдеу. Ал лингвист маманның бұл жердегі басты қаруы – түсіндірме және салалық сөздіктер.

Лингвистикалық сараптама түрлеріне келетін болсақ, автортану (қолтаңба тану) – белгілі бір туындының авторын, плагиатты, стильдік ұқсастықты анықтайтын зерттеу түрі. "Бұл шығарманың авторы кім?" деген сауалға жауап іздейді.

Мағыналық және семантикалық сараптама адамның ар-намысын қорлайтын, іскерлік беделіне кір келтіретін сөздерді, жала жабуды, халықаралық және дінаралық қақтығыстарды туғызатын, белгілі бір адресатқа қатысты айтылған сөз бен сөз тіркестерін зерттейді. Лингвист-эксперт жазылған және айтылған ақпараттарды жан-жақты талдап, оның рас-өтірігін анықтайды.

Атаулар сараптамасы – тауар маркасы мен тауар атауының әдеби тіл нормасына сай келетінін не келмейтінін, мазмұнында негативті ақпараттың бар-жоғын анықтайын (есірткіні, ішімдікті насихаттау, т.б.) сараптама. Бұған тауар белгісін заңсыз пайдалану мен қайталау да жатады.

Соңғы уақытта заңға жиі өзгерістер енгізіледі. Атап айтсақ, 2000 жылы қабылданған «Сот жүйесі және судьялардың мәртебесі туралы заңы» 2006 жылға дейін тұрақты болып келеді де, 2006-2019 жылдары осы аталған 54 баптан тұратын заңға 200-ге тарта өзгерту мен толықтырулар енгізілген көрінеді.

2014 жылғы 3 шілдеде қабылданған Қылмыстық кодекске қылмыстық заң күшіне енгізілген күннен бастап аталған жылдың қараша айына дейін өзертүлер мен толықтырулар енгізу туралы 11 мәрте заң қабылданыпты. Осы заңдармен қылмыстық кодекстің жалпы бөліміне ғана 106 өзгерту мен толықтырулар енгізілген екен.

Қазіргі әлемде құқықтық нормалар әлеуметтік реттеу жүйесінде жетекші орын алады, ал оларды білдірудің негізгі қайнар көздері нормативтік құқықтық актілер болып табылады. Осыған байланысты заң шығару қызметі ерекше мәнге ие және оның тиімді жүзеге асуының негізгі шарты – тілдік құралдарды дұрыс қолдану. Себебі заң шығару қызметі субъектісінің еркін білдіретін және барлық мүдделі тұлғаларға жеткізетін негізгі элемент – тіл. Құқықтық терминдерді әрқашан дұрыс және біркелкі қолдану заңдарды дұрыс түсінуге, заңдылық пен тәртіпті нығайтуға, адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз етуге өте қажет.

Аталған мәселе былтырғы жылдың 11 сәуірінде Парламент Мәжілісінде өткен «Рухани жаңғыру: қазіргі қазақ терминологиясы» деп аталатын ғылыми-тәжірибелік конференцияда да көтерілген болатын. Ғалымдардың бірқатары Үкімет жанындағы Республикалық терминология комиссиясы бекіткен сөзді алуға да, алмауға да болатынын айтып, Үкіметке реніштерін жеткізген. Өйткені, ол – кеңесші орган болып табылады. Өкінішке орай, «Терминком қабылдаған сөздер Үкіметтің қаулысымен бекітілсін» деген нұсқау әлі де болса шешімін таппай келеді.

«Заң мемлекеттік тілде қабылдануы үшін қазақ тілді ортада талқылануы керек» деген ұсынысты ортаға экс-депутат, қоғам қайраткері Мұрат Әбенев салған болатын. Ол кісінің айтуынша, қазіргі заңдық өзгерістерді қазақ тілді қоғам талқыламай, заң қазақ тілінде қабылданбайды.

Аталған ұсынысты филология ғылымдарының докторы, профессор Шерубай Құрманбайұлы да құптады. Оның айтуынша, мұндай жиындар қанша жыл бойы келе жатса да, әлі күнге өз нәтижесін бермеген.

Мақалада ұсынылған тұжырымдама тіл мен заңның өзара әрекеттесу ерекшелігі идеясына негізделген. Тіл мен заңның қиылысындағы қазіргі зерттеулер осы саладағы лингвистикалық мәселелердің өзектілігі мен кеңдігін көрсетеді. Бұл жұмыста тіл мен құқықтың өзара әрекеттесу саласына қатысты зерттеу перспективаларын анықтауға талпыныс жасалды. Жұмыстың негізгі нәтижесі құқықтық лингвистиканың зерттеу нысаны болып табылатын тілдің құқықтық аспектісіне жүйелі шолу болды.

Қорытынды

Тұжырымдай келе, заңнамалық лингвистика тілді өзінің заңды болмысында зерттейтін, қолданбалы зерттеулердің саласы ретінде іргелі лингвистикаға жаңа міндеттер қоятындығын, олардың шешімі лингвистикалық және құқықтық білімнің өсуіне, тіл дамудың әлеуметтік дамудағы рөлін түсінуге, сайып келгенде үйлесуге ықпал ететіндігін атап өтеміз. Заң адамзат өмірінің бір бөлігі болып табылады. Сондықтан заң тілі барынша түсінікті болуы үшін жоғарыда келтірілген аудармаларды білікті, кәсіби мамандардың аударғаны жөн.

Қорыта айтқанда, заң лингвистикасын аса мемлекеттік маңызы үлкен міндеттердің шеңберінде толықтыра отырып дамытудың келелі мақсаты – ұлттық терминдік қорымызды байыту, балама ұғымды атауларды, тұрақты тіркестік терминдер мен сөз орамдарын ұлттық заң тіліне қойылатын талап үдесіне сай қолдануға мейлінше ден қою болмақ.

ӘДЕБИЕТ

[1] Қайдаров Ә. Қазақ терминологиясына жаңаша көзқарас. – Алматы: Жалын, 1993. – 611 б.

[2] Жүзбаев Б.Т. Криминалистикалық сараптамаларды жіктеу мәселелері/ Б. Т. Жүзбаев // ҚР ішкі істер министрлігі Қарағанды академиясының хабаршысы (Вестник Карагандинской академии Министерства внутренних дел РК). – 2011. –Т.№4. –С.43-45.

[3] Омашұлы. Заң қай тілде жасалып жатыр? – Егемен Қазақстан газеті. –16.08.2012 ж. –№ 326 (263193) . –21 б.

[4] Заң шығару Институтының Жаршысы ғылыми-құқықтық журнал. –2012. –№ 1 (25). –15-176.

[5] Голев Н. Д. Об объективности и легитимности источников лингвистической экспертизы // Юрислингвистика-3: проблемы юрислингвистической экспертизы. –Барнаул, 2001. –С. 14-29.

REFERENCES

[1] Qaidarov Ä. Qazaq termiologiasyna jañasa közqaras (A new approach to Kazakh terminology). Almaty: Jalyn, 1993. 611 p. [In Kaz.]

[2] Jüzbaev B.T. Kriminalistikalyq saraptamalardy jikteu мәseleleri (Classification of forensic examinations Problems of classification of forensic examinations)/B. T. Jüzbaev // QR ıshkı ister ministrlıgı Qarağandy akademiasynıñ habarshysy (Vestnik Karagandinskoi akademii Ministerstva vnutrennih del RK). 2011, t.№4, p.43-45. [In Kaz.]

[3] Omaşuly. Zañ qai tilde jasalyp jatyr (What language is the law written in)? Egemen Qazaqstan gazetı. 16.08.2012. № 326. (263193) 21 p. [In Kaz.]

[4] Zañ şyğaru İnstitutynıñ Jarshysy ғылыми-құқықтық журнал (Herald of the Institute of Legislation is a scientific and legal journal). .№ 1 (25), 2012, 15-17 p. [In Kaz.]

[5] Golev N. D. Ob obektivnosti i legitimnosti istochnikov lingvisticheskoi ekspertizy (On the objectivity and legitimacy of the sources of linguistic expertise) // İurislingvistika-3: problemy iurislingvisticheskoi ekspertizy. Barnaul, 2001. p. 14-29. [In Rus.]

СПОРНЫЕ ТЕКСТЫ В ЮРИДИЧЕСКИХ ДОКУМЕНТАХ

*Жанжигитов С.Ж.¹, Абдуалиулы Б.²

*¹PHD докторант Евразийского Национального университета имени Л.Н.

Гумилева, Астана, Казахстан,

e-mail: syrym.g_96@mail.ru,

²доктор филологических наук, профессор

Евразийский Национальный университет имени Л.Н. Гумилева

Астана, Казахстан,

e-mail: bekzhan_a7@mail.ru

Аннотация. Одним из важнейших вопросов законодательной техники является язык законодательства, в котором значимое место в настоящее время занимает юридическая терминология. Проблема применения и совершенствования юридической терминологии в национальном законодательстве на сегодняшний день приобретает еще большую актуальность в связи с необходимостью перехода на латиницу, как новый курс скорейшей интеграции в мировое сообщество.

Цель и задача статьи – рассмотреть изучение юридических текстов с точки зрения казахского языкознания, определить теоретические и методические основы общей структуры юридических текстов, обсудить вопросы эквивалентности перевода. В исследовательской работе упоминаются вопросы рассмотрения юридических документов в области официально-деловой стилистики, степень ее изучения. В ходе написания статьи в юридическом тексте были полностью выявлены все требования официально-делового стиля, проанализирована информационная, прагматическая и познавательная функция в юридической структуре.

Предметом данной статьи является определение проблем юридической терминологии, используемой в законодательных актах, а также требований к юридической терминологии. В статье отмечается, что неправильно употребляемые термины нормативных правовых актов являются одной из причин, приводящих к неточностям и

неясностям текстов и различному толкованию норм. Это показывает практическую значимость статьи.

В статье использованы метод наблюдения, метод описания, метод систематизации, методы лингвостатистического и структурного анализа

Авторы на примере терминов, не соответствующих содержанию и форме юридических понятий, указывают способы их устранения – соблюдение требований терминологии и норм языка. В качестве результативных способов устранения ошибок в действующих нормативных правовых актах отмечают проведение мониторинга на предмет устранения терминологических недостатков и устранение таковых во время проведения лингвистической экспертизы на аутентичность проектов нормативных правовых актов. Авторы, указывая на перечень требований при анализе терминов, отмечают важность их соблюдения в работе с нормативными правовыми актами, для обеспечения передачи точного и правильного содержания. Также для совершенствования качества нормативных правовых актов, в частности, и улучшения их терминологии, действенным методом является повышение квалификации кадров и улучшение методики по вопросам юридической техники, в том числе языка и терминологии. В этом научная новизна статьи.

Рассмотрены основные характеристики юридической терминологии, изучена и доказана структура системы, что, несомненно, позволит оптимизировать процесс преподавания.

Ключевые слова: законодательная техника, нормативно-правовой акт, законотворчество, законодатель, язык закона, стиль закона, юридическая терминология, научная концепция.

CONTROVERSIAL TEXTS IN LEGAL DOCUMENTS

*Zhanzhigitov S.Zh.¹, Abdualiuly B.²

¹PhD student of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana,
Kazakhstan,

e-mail: syrym.g_96@mail.ru,

²doctor of Philological Sciences, professor

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan,

e-mail: bekzhan_a7@mail.ru

Abstract. One of the most important issues of legislative technology is the language of legislation, in which one of the most significant roles belongs to legal terminology. Today the problem of applying and improving legal terminology in the national legislation is more important than ever before due to the switch to the Latin alphabet which states the new course of rapid integration into the world community.

The purpose and objective of the article is to consider the study of legal texts from the point of view of Kazakh linguistics, to determine the theoretical and methodological foundations of the general structure of legal texts, to discuss issues of translation equivalence. The research work mentions the issues of consideration of legal documents in the field of official business style, the degree of its study. In the course of writing the article in the legal text, all the requirements of the official business style were fully identified, the informational, pragmatic and cognitive function in the legal structure was analyzed.

This article aims to identify the problems of legal terminology used in legislative acts, as well as the requirements for legal terminology. The article notes that incorrect use of terminology in legal acts is one of the reasons that lead to inaccuracies and ambiguities of legal texts and different interpretation of norms. This shows the practical significance of the article.

The article uses the method of observation, the method of description, the method of systematization, methods of linguostatistical and structural analysis.

The authors, having pointed out some examples of terminology that does not correspond to the content and form of legal concepts, indicate the ways of elimination of such mistakes-compliance with the requirements of terminology and language norms. Monitoring of the existing regulatory legal acts, that concentrates on terminological shortcomings, and linguistic expertise for the authenticity of draft legal acts are another methods that need to be mentioned. The authors point out the requirements to the terminology analysis and note the importance of terminology compliance with regulatory legal acts for ensuring the accuracy and correctness of content. This is a scientific novelty of the article.

The main characteristics of legal terminology are considered, the structure of the system is studied and proved, which will undoubtedly allow to optimize the teaching process.

Keywords: legislative technique, legal-norm act, legislation, legislator, the language of the law, style of law, legal terminology, scientific conception.

Статья поступила 29.09.2022